№4 Ю.А.Гагарин атындағы орта мектебі

Хаттама

Мектептің аз қамтылған жетім, толық емес , көп балалы отбасы балаларына Мектепке жол акциясына орай көрсетілетін көмек туралы жиналыс болып өтті. 16.08.23

Қатынасқандар 12

Күн тәртібінде 1. Мектепке жол акциясын өткізу

2. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп басшысы у.м.а Г.Ахметкалиева хабарлама жасады.

Жылма- жыл оқушыларды мектепке дайындау үшін , әсіресе аз қамтылған отбасы балалары үшін Мектепке жол акциясын өткізіп келе жатырмыз. Биылда сол үрдісті жоғарғы дәрежеде өткізуіміз қажет. Ол үшін всеобучпен қатар , демеушілерменде жұмыс жасауымыз қажет.

Аз қамтылған отбасы балаларын бірінші кезекте оқу- құралдарымен қамтамасыз етуге жұмыстанамыз.

Сондай-ақ ыстық тамақтың берілуін ұйымдастыруымыз қажет. Асхана қызметкерлері түгелдей санитарлық тексеруден өткізілуі міндетті түрде. Балалар санын , сыныптардың тамақ ішу кестесін іліп, ас мәзірін дайындап , алғашқы оқу күнінен бастап жұмысты ұйымшылдықпен бастауымыз қажет.

Мектептің әлеуметтік педагогі- Г. Ахмедьярова сөз алды

Жылдағыша қажеттілікке орай мектептің аз қамтылған отбасы балаларына 64 қаулы бойынша құжат жинақталып, ақшалай көмек берілгелі отыр. Сондықтан шілденің 25-нен бастап құжаттар жинақталып жатыр . Барлық сынып жетекшілерге сыныптарында аз қамтылған оқушылардың яғни отбасылардың қалып қоймауы ескертілді. Құжаттардың тізімі берілді. Қазіргі таңда құжаттар жинақталуда.

Мектебімізде ыстық тамақпен тегін 1-4 сынып оқушылары және 64 құжат тапсырған 5-11 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылады. Осы орайда ата-аналардан арыз алынуда. Асхана қызметкерлерінің тізімі алынынп, санитарлық тексеруден өткендіктері анықталды. Сынып жетекшілерге оқушылардың тамққа уақытында келуі, қол жумай тамаққа отырмауларын және тамақ ішіп болғасында әрбір оқушының ауыздарын жууқаже екендіктерін ескетулері қажет екендіктері айтылды. Қойма тазалығы, онда отандық өнімдер болу керектігі жылдағыша тексеріліп отыратындығы ескертілді.

Кітапхана меңгерушісі А.Қабижанова сөз алды.

Әрине жылдағыша бірінші кезекте аз қамтылған отбасы балалары оқу- құралымен қамтылады . Кітап қоры жеткілікті.

Асхана меңгерушісі Ж Есенбаева сөз алды.

Биылғы оқу жылында асхана іші түгелдей ремонтталды. Барлығы жаңадан алынды.

Асхана қызметкерлері түгелдей тексеруден өтті. Қызметтік киіммен қамтылды. Ыдыстардың ескілері жаңадан алынды. Асхана ішіне тазалық жұмысы жүргізіліп, дайындалуда.

Шешім

1. Мектепке жол акциясын жоғарғы дәрежеде өткізу әлеуметтік педагог Г.Ахмедьярова мен мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар Б. Адаеваға
2. Аз қамтылған отбасы балаларын бірінші кезекте оқу құралымен қамту кітапханашы А.Қабижановаға тапсырылсын
3. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру әлеуметтік педагог Г.Ахмедьярова мен Ип Марат Ж. Есенбаеваға міндеттелінсін.

Жиналыс төрағасы Г.Ахметкалиева

Жиналыс хатшысы А. Біләл